



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 49/434  
11 декабря 2015 года

## Вестник

### ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН !

#### Құрметті қала тұрғындары!

Баршанызды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Халқымыздың ғасырлар бойы армандап, ерен ерлікпен қол жеткізген егемендігіміз ұрпақтан-ұрпаққа аманат болсын! Өркениет көшіне ілескен халқымыздың гүлденуі мен көркеюінің негізі - егемен еліміздің тәуелсіздігі. Әр ұлт, әр халық үшін тәуелсіздіктен артық қасиетті де қымбат ештеңе жоқ. Жаратқаннан тілеген медетінің арқасында қол жеткізген Тәуелсіздікті біз әрқашан мақтан тұтып, қастерлей білуге тиістіміз. Біле білсек, бұл біздің азаматтық парызымыз, адамдық борышымыз. Осындай маңызы бар тарихи думанда еліміздің туы асқақтап, келешегі көркейе берсін! Әр отбасына татулық пен ырыс-береке, отанымыздың игілігі мен жарқын болашағы жолында жаңа табыстар тілей отырып, баршаныздың дендеріңіздің сау, аспандарыңыздың ашық, көңілдеріңіздің шат, еңбектеріңіздің жемісті болуына тілектеспіз!

Құрметпен,  
Приозерск қаласының әкімі  
Қалалық мәслихат хатшысы

Қ. Камзин,  
Б. Сәрсембеков

### ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

#### Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!

Сіздерді Республикамыздың әр азаматы үшін айтулы мереке – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Еліміздің жалынды жастары бастарын бәйгеге тігіп, бодандық құрсауынан шығуға ұмтылған қыршын ерліктері бүгінгі Тәуелсіз Еліміздің жарқын істерімен жалғасын табуда. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күні қазақстандықтар бір кісідей жұмыла отырып, алмағайып өтпелі кезеңнің барлық қиындық-тарын жеңіп, әлемдік сахнаға көтерілді. Біз алдағы уақытта да барлық қиындықты бірге бөлісетін боламыз.

Республикамыздың осындай биіктіктерді

бағындыруына барлық адамдармен қатар приозерскілік тұрғындар да сүбелі үлес қосып келе жатқанын жақсы білемін және бағалаймын. Ұрпақтарының ырысы ортаймасын, намысы тапталмасын деп көксеген ата-бабамыздың арманы орындалған осы шақта баршанызға бақыт, байлық, ырыс-құт, береке-бірлік тілеймін! Еліміздің ертеңі жолындағы еңбегіміз жана берсін!

Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларың сәтті болсын!

Амандық СЕРІКОВ,  
Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты

#### 16-желтоқсан – Тәуелсіздік Күні

### ТУҒЫРЫ БЕКІГЕН ТӘУЕЛСІЗДІК

«Қазақстан» деген жалғыз ауыз сөздің құдіреті мен қасиетін осы жерде туған және осы өлкеде өскен әрбір азаматтың сергек сезінуі парыз. Бұл сөз біздің қанымыз бен жанымыздың ажырамас бір құрамды бөлігі. Қазақ жері, қазақ елі біздің ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарға қалдырып кеткен баға жетпес байлығы және асыл мұрасы. Біздің ата шежіреміз ғасырлар бойы Ресей тарихының құрамды бөлігі болып келді, солай хатталды да. Жаңа Тәуелсіздік заманда өз халқымыздың тарихын өзіміз жазып, жаңа егемендік ел, халық тұрғысынан жазуға мүмкіндік алдық. Әрине тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Қазақ халқының небір қайтпас қайсар батырларының жасаған ерліктерін оқулықтардан оқып білудеміз. Елім, жерім деп жаудан ұлтарақтай жері үшін, небір қазақтың батырлары өз өмірлерін қиып, қанды шайқастарда қаза болды. Біз үшін қай замандағы тарихымыз болмасын қымбат, айтулы кезеңдерде ту ұстаған бабаларымыздың барлығы да құрметті. Кеңесары хан, Исатай, Махамбеттер, одан кейінгі алашордашыл азаматтарымыз патшалық Ресейдің озбыр саясатына қасқайып қарсы тұра білді. Сан зұлматты өткерген еліміз ұлт-азаттық көтеріліске келгенде де тосылып қарап қалған жоқ. Бұл күрестер азаттық үшін өткен сан күрестің соңы емес еді. Елің, жерің жау аяғына тапталмай, сол туған жеріңнің қарыс қадамы үшін басын өлімге тіккен аталарымыздың бойындағы ерен күш, биік рухқа әр кез танданамын. Аталарымыздың сол қасиеті елге – мұра, ұрпаққа – ұран болып келе жатыр. Ұлт – азаттық көтерілістер, Ұлы Отан соғысы мен желтоқсан оқиғалары, соғыстың қатал сынағынан өткен жандардың жанқиярлық ерлігі арқасында, біздің барлығымыз өмір сүру бақытына ие болдық.

Желтоқсан оқиғасы біздің жадымызда. Біз оған өзіміз қатыспағанмен, қатысқандардың айтулары, теледидардағы деректі фильмдерден жақсы білеміз. Алматының алаңында өткен желтоқсан қырғынының жазықсыз жаласына ұшыраған «қасқалдақтай қаны, бозторғайдай жаны» бар жанкешті жаужүрек жас Қайраттай бауырларымыз болды. Қайрат, Ләззат сияқты өрендеріміздің желтоқсанның ызғарында жасаған ерліктері мен аттарын атамай кетуге болмайды. Желтоқсанның ызғарына тоңып, тас қараңғы тас қамалда, Қайрат қыршынның жазған жырларын оқығаныңызда өлеңдері «Мен қазақтың» деген әрбір жастың, әрбір адамның жанына күш-қуат беріп, патриоттық сезімін оятары анық. Сондықтанда елім деп еңіреген ата, аға-апаларымыздың ерліктерін ардақтап, лайықты құрмет көрсету – біздің перзенттік парызымыз деп білемін.

Халықта «Өскен ел тарихын таспен жазады, өшкен ел тарихын жаспен жазады», деген мақал бар. Біздің халық тарихын ғасырлар бойы жаспен жазып келеді. Тәуелсіздік жолы – азаматтық жолы. «Тәуелсіздік келді, енді бәрі болады, бәрі орнына өзінен-өзі толады»- деп, жайбарақаттыққа салынуға болмайды. Абай ата айтқандай мал табу жолына түсу керек. Егемен елдің азаматы – арлы, зейінді, пейілді, патриот жан болуы тиіс. Тәуелсіздік жолы – үміт жолы. Біздің бостандық алған елден күтеріміз аз емес. Біз тәуелсіздіктен ең алдымен жарқын болашақ күтеміз, кейінгі ұрпақтан ата-баба аңсаған игі мақсатының орындалуын күтеміз.

Біз тәуелсіздіктен аға ұрпаққа әлеуметтік қорған болуын күтеміз. Басқаша айтқанда, біздің ата-бабамыз аңсаған заман тәуелсіздікпен байланысты. Жаңа ХХІ ғасырға бет алған сәтте нарықтық экономиканың құдіретін де көруіміз

### С ДНЁМ НЕЗАВИСИМОСТИ !

#### Уважаемые жители города!

Поздравляем Вас с праздником, Днем Независимости Республики Казахстан! Независимость страны является результатом многовековой героической борьбы и нестигаемой воли нашего народа. Процветание нашей страны и улучшение благосостояния людей стало возможным лишь с обретением суверенитета. Для каждого народа, для каждой нации нет на свете более священного и ценного, чем независимость. Это Великий день, подаривший людям свободу выбора и возможность осуществить мечты наших предков.

Желаем Вам ещё крепче сплотиться и вместе идти к новым целям, к благополучию и процветанию, беречь традиционные ценности взаимного уважения и быть позитивно настроенными на новые свершения. В этот исторически важный день желаем всем мирного неба, единства, благополучия и успехов!

С уважением,  
Аким города Приозерск  
Секретарь городского маслихата

К. Камзин,  
Б. Сәрсембеков

### ЖИЫРМА ТӨРТ ЖЫЛ

Жиырма төрт жыл тәуелсіздік келгелі,  
Жиырма төрт жыл егемендік енгелі.  
Өз басыма бақыт келіп қонғасын,  
Қайтем сынап алыстағы өнгені.

Жиырма төрт жыл бақыт басын бұрғалы,  
Жиырма төрт жыл ел салтанат құрғалы.  
Жадыратып жібереді жанымды,  
Желбіреген көк туымның тұрғаны.

Міне, бүгін тотыдайын тарандым,  
Жазылғаны жүректегі жарамның.  
Тәуелсіздік деген осы ұлы сөз,  
Арманы еді өтіп кеткен бабамның.

Гүлдер қандай әдемі еді ашылған,  
Шуақты күн, әппақ әлем, жасыл маң...  
Осы күнге жету үшін қаншама,  
Қазағымның қаны судай шашылған?!

Міне, бүгін тәуелсізбін, азатпын,  
Шыққан тыныш әр күніме маз-ақпын.  
Өз тілінде еркін сөйлей алағын,  
Алашұлы аталатын қазақып.

Атып жатыр таңым әппақ арайлы,

Қуаныш пен шаттық басқан маңайды.  
Берекелі, мерекелі еліме,  
Кейбір сұқ көз қызғанышпен қарайды.

Дастарқандар жайылып тұр жайнап бір,  
Ет асылып, самаурындар қайнап тұр.  
Азаттықтың арқасында балалар,  
Аулағырақ асыр салып ойнап жүр.

Тәуелсіздік!..  
Керемет қой, керемет!..  
Шекараны шегендедік, шегелеп.  
Ұйқым тыныш, еңбек етем, оқымын...  
Қазағым бұдан басқа не керек?!

Алашыма туысқанмын, жаранмын,  
Ғасырларғы орны бітті жарамның.  
Тәуелсіздік арқасында мінеки,  
Отаным тарихи, мен, оралдым.

Шапқылаған желкілдетіп тұлымын,  
Өзелден-ақ мен қазақтың ұлымын.  
Аңсап күткен бабаларым кешегі,  
Тәуелсіздік, мәңгі болсын ғұмырың!!!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

керек. Біз осындай қоғам жасайтын болсақ қана тәуелсіздік баянды болады. Біз қазақ, ғасырлар бойы жоқ іздеген халықпыз. Біздің жоғалтқанымыз ең асылымыз – тәуелсіздік еді. Біз тәуелсіздікті іздеп соқпақпен де, сүрлеумен де жүрдік, кейде жолға түскендей болдық, бірақ тығырыққа тіреле бердік. Осыдан ширек ғасырға жуық бұрын түскен жолымыз даңғыл болды. Ол – тәуелсіздік даңғылы. Тәуелсіздік сапары тәуекелді керек етеді, жол көлігі керек, жол серігі керек, жол азығы керек, алыс жолға тәуекел етер жүрек керек, тірек керек жол бастайтын көсем керек. Біз тәуекел қайығына міндік, тәуелсіздік даңғылына түстік, осы жылдары басқа халықтар ғасырлар бойы өткен жылдан өттік. Дүниеде тәуелсіздікті, бостандықты, теңдікті аңсамайтын адам да, халық та жоқ. Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз – тек бір ұрпақтың ғана еңбегі емес, барша ұрпақтардың еңбегі. Басты мұрат- қолымызға қиындықпен түскен тәуелсіздік туына мейлінше бекем болу.

Тектілердің тұяғы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегінің арқасында халқымыз тыныштықта, Отанымыз еркіндікте. Аз ғана жылда аспанның астын жайнатып, Астана- шаһарын тұрғызды. Елдің бірлігі артып, берекесі кірді. Іргеміз тыныш. Түндеріміз бейбіт. Күндеріміз нұрлы. Елдің болашағының көркейіп, гүлденіп одан әрі дамып, өркендеуі жастардың қолында. Яғни, болашақтың жастары бүгінгі бүлдіршіндер мен жас ұрпақтар. Тәуелсіз қазақ елінің Ақордадай «Астана» атты рухани тұғыры бар. Ол бірлігімізді, тірлігімізді әлемге айшықты айғақтап тұр. Астана – тәуелсіздіктің тақ-тұғыры. Қазақ елінің дербес ел болуына орай байтақ та бағалы елден бата алған Нұрсұлтан Әбішұлындай Елбасының ел билігін ұстауы, бүгінгі заман ұрпақтарының бағы деп білемін. Тәуелсіздік



тұғырын тарихи ерлікке жалғастырған Елбасымыздың парасаттылығы, ойшылдығы деп түсінеміз. Елорда бірліктің, ерліктің арқасында қарыштап дамудың айқын дәлелін көрсетті, әрі бүкіл әлем назарын өзіне аударды. Сондықтан тұғырлы тәуелсіздік елдің тұғыры биік, бірлігі бекем, ерлігі ерен болуына тамшыдай болса да өз мүмкіндігінше үлес қосу үшін, әрбір жас білімді терең меңгеруге ұмтылуы керек. Өйткені, жастар тұғырлы тәуелсіз елдің тұяғы. Халқымыз «тайында тасқа байла» деген. Тағдырдың тас қамалын бұзуға, білімді, өнерлі болуға күш-жігеріңді жұмсай біл, жас өркен!

Біздің еліміз – Тәуелсіз Қазақстан! Осынау құдіретті сөзді біздің елдің әрбір азаматы асқақ сезіммен, ерекше мақтанышпен айта алары хақ. Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі



Қоғамдық тыңдау өтті

Состоялись общественные слушания

## ПОЛИГОНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯ БАСТЫ НАЗАРДА

Өткен дүйсенбі күні РФ ҚК 03080 әскери бөліміне қарасты қалалық офицерлер үйінің үлкен залында «2016-2025-ж.ж. арналған 03080 әскери бөлімінің қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары» тақырыбында экология мәселесіне орай тыңдау болып өтті. Аталмыш тыңдауға қала әкімінің бірінші орынбасары Дастан Шұғайұлы Сәденов, қаладағы тиісті мекеме басшыларынан Л.Батанаева, қоғамдық ұйымдар және баспасөз өкілдері, РФ әскери бөлімінің қызметкерлері қатысты.

Тыңдауды қала әкімінің бірінші орынбасары Д.Ш.Сәденов ашып, алғашқы сөзді РФ Қарулы Күштері 03080 әскери бөлімінің тыл бастығы Виктор Владимирович Зайцевке берді. Ол қысқаша баяндамасында экологиялық мәселеге байланысты екі мемлекет арасындағы келісім шарттың жалғасын отыратынына, қоршаған ортаны қорғаудың баршаға ортақ екеніне, кәсіпорындардағы экологиялық жүйені жақсарту үшін қызметкерлердің сауаттылығын артрудың маңызына және ол үшін қалалық «Приозерский вестник» газетіне жазылу қажеттігіне тоқталды.

Одан соң «Эком» ЖШС-нің директоры Анатолий Леонидович Пангиннің баяндамасы тыңдалды. Баяндамашы тарапынан Сарышаған полигоны аумағындағы жұмыс істейтін, қала мен осы төңірекке экологиялық жағынан залал келтіретін кәсіпорындар, қазандықтар мен нысандардың орналасуына, олардың тұрғындарға қаншалықты әсер ететіні, жалпы осы аумақтағы ауаның, судың, табиғат пен

өсімдіктер әлемінің тиісті мерзімінде сынамалық тексерістен өтіп тұратыны, экологиялық жағдайға әсері немесе залалы тигенде жедел әрекет етіліп, зиянды әсері жойылып отыратыны, бұл үшін мемлекет тарапынан тиісті дәрежеде қаражат бөлініп тұратыны, осы мәселеге орай мемлекеттераралық келісімшарттың әр он жыл сайын



жасалып отыратыны және оның уақытылы жүзеге асырылатыны туралы слайдтар, суреттер мен көргізбеліктер арқылы түсіндіріп өтті. Сондай-ақ қала тұрғындары мен мекеме, кәсіпорындардан шығарылатын қоқыстар, шығынды сулар мәселесі де айтылды.

Тыңдауға қатысушылар тарапынан қойылған сауалдарға баяндамашы мен қала әкімінің бірінші орынбасары тарапынан қанағаттанарлық жауап берілді.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ

## БУДУТ РЕКОНСТРУКТИРОВАНЫ АВТОМОБИЛЬНЫЕ ДОРОГИ

3-декабря в актовом зале средней общеобразовательной школы №1 города Приозерск прошли общественные слушания по проекту: «Реконструкция коридора Центр-Юг «Астана-Караганда-Балхаш-Алматы» автомобильной дороги «Граница РФ (на Екатеринбург) – Алматы» км 1905-1955 участок Гульшат-Тасарал, км 1955-2005 участок Тасарал-Сарышаған в рамках реализации государственной программы инфраструктурного развития «Нұрлы Жол». В повестке дня были такие вопросы, как обсуждение результатов оценки воздействия на окружающую среду принятых проектных решений и ознакомление населения с проектными решениями по участкам реконструируемой автодороги.

По первому вопросу помощник ГИПа ТОО ПИ «Кустанайдорпроект» Баксаев М.П. совместно с представителем Карагандинского областного филиала АО «НК «КазАвтоЖол» главным специалистом ОККИПР Бектимировым Р.Д. представили презентацию проекта: «Реконструкция коридора Центр-Юг «Астана-Караганда-Балхаш-Алматы» автомобильной дороги «Граница РФ (на Екатеринбург) – Алматы» км 1905-1955 участок Гульшат-Тасарал, км 1955-2005 участок Тасарал-Сарышаған, подробно рассказали о планах прохождения участка проектируемой автомобильной дороги по существующему направлению и в обход населенных пунктов, также были озвучены основные проектные решения: а) обход комплекса существующих АЗС – 3 шт., 4-х кафе во избежание сноса строений; б) проектом реконструкции предусматриваются работы по демонтажу существующих водопроводных труб через автомобильную дорогу с полной заменой всех



элементов; в) реконструкция существующих путепроводов через ж/д и автодорогу; г) для обслуживания пассажирских перевозок предусмотрено строительство автобусных остановок; д) проектом предусмотрены пешеходные переходы и скотопрогоны; е) проектом предусматривается ряд проектных решений по организации дорожного движения и обеспечения безопасности в соответствии с требованиями СТ РК.

По второму вопросу повестки дня помощник ГИПа - Баксаев М.П. ознакомил присутствующих с содержанием проекта оценки воздействия на окружающую среду по проектируемому объекту. Особое внимание было уделено мероприятиям по снижению и исключению негативного воздействия на окружающую среду. Далее представители ТОО ПИ «Кустанайдорпроект» ответили на вопросы участников общественных слушаний по строительству и обслуживанию автомобильной дороги.

Б. Алшынбекулы

## ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

### «1999 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы»

Приозерск қаласы әкімінің 2015 жылғы 26 қазандағы №1 шешімі.

Қарағанды облысы Әділет департаментінде 2015 жылдың 26 қарашасында № 3515 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуы жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қаулысын басшылыққа ала отырып, қала әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2016 жылғы қаңтардан наурызға дейін 1999 жылы туған азаматтарды Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын.
2. Мекеме, кәсіпорын, ұйымдардың басшыларына, оқу орындары мен басқа қоғамдық салалардың директорларына әскерге шақыру жасына дейінгілерді медициналық тексеруден өту және құжаттарды жинау үшін, шақыру қағаздарын алғанда жұмыстарынан, сабақтарынан босату ұсынылсын.
3. Приозерск қаласы әкімінің 2014 жылғы 27 қазандағы № 7 «1998 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы» (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2825 болып тіркелген, «Приозерский вестник» газетінде 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 49/382, «Әді-лет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 23 қаңтарында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.
5. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Қала әкімі

Қ. Камзин

«КЕЛІСІЛДІ»

Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы  
майор \_\_\_\_\_ Б.А. Алишев  
2015 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

### «О проведении приписки граждан 1999 года рождения к призывному участку объединенного отдела по делам обороны города Балхаш Карагандинской области».

Решение акима города Приозерск от 26 октября 2015 года № 1.  
Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области  
26 ноября 2015 года за № 3515.

Во исполнение Закона Республики Казахстан от 16 февраля 2012 года «О воинской службе и статусе военнослужащих», в соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», руководствуясь Постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 июня 2012 года № 859 «Об утверждении Правил ведения воинского учета военнообязанных и призывников», аким города **РЕШИЛ:**

1. Организовать с января по март 2016 года приписку к призывному участку объединенного отдела по делам обороны города Балхаш граждан, родившихся в 1999 году.
2. Рекомендовать руководителям организаций, предприятий, учреждений, директорам учебных заведений и другим общественных структур при получении допризывниками повесток освободить их от работы, учебы для прохождения медицинского освидетельствования и сбора документов.
3. Признать утратившим силу решение акима города Приозерск от 27 октября 2014 года № 7 «О проведении приписки граждан 1998 года рождения к призывному участку объединенного отдела по делам обороны города Балхаш Карагандинской области» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 2825, опубликованное в газете «Приозерский вестник» 5 декабря 2014 года № 49/382, в информационно-правовой системе «Әділет» 23 января 2015 года).
4. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на заместителя акима города Казиеву Б.А.
5. Настоящее решение вводится в действие со дня официального опубликования.

Аким города

К. Камзин

«СОГЛАСОВАНО»

Начальник объединенного отдела по делам обороны города Балхаш  
майор \_\_\_\_\_ Б.А. Алишев  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2015 года

## ОТАНДЫ ЖАСТАР ҚОРҒАЙДЫ



Отан алдындағы борышын өтеу әрбір саналы және денсулығы мықты жас азаматтың ардақты борышы болып табылады. Соңғы жылдары әскер қатарында қызмет етуге құлшыныс білдірген жастар қатары артып келе жатқаны байқалады. Сонымен қатар әскери салада елеулі өзгерістер болатыны жайында да

баспасөз беттерінде жиі айтылып жүрген еді. Соңғы дереккөздердің мәліметіне сүйенер болсақ, Қазақстан әскері тек қана кәсіби жауынгерлерден жасақталмайтын болған. Осыдан екі жыл бұрын еліміздің Қорғаныс министрлігі 2016-жылдан бастап Қарулы күштер қатарына сарбаздарды тек келісімшарт негізінде қабылдаймыз деп мәлімдеген болатын. Яғни, келер жылдан бастап 18-27 жас аралығындағы азаматтар әскер қатарына міндетті түрде шақыртылмайды деп жоспарланған. Алайда, Қорғаныс министрлігі қазір бұл ойынан айнып қалған сияқты. Сондықтан Қарулы күштер қатарына қабылдау ескі тәртіп бойынша жүргізіле бермек.

Қорғаныс министрлігі Бас штабының басшыларының айтуына қарағанда, Қарулы күштер қатары аралас үлгі бойынша жасақ-талынады. Сондықтан азаматтарды әскерге шақырту тоқтатылмайды. Мәселен, жыл сайын қарулы күштер қатарына шамамен 8 мыңға тарта жас жігіт шақыртылады екен. Ал, келісімшарт негізінде 5-6 мың сарбазды жұмысқа қабылдайтын көрінеді. Қорғаныс саласының кәсіби ардагерлерінің пікірінше келісімшарт негізінде тек кәсіби сарбаздарды қабылдау дұрыс емес көрінеді. «Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу

үшін міндетті түрде әскерге шақыру керек», деп уәж айтағындар да бар. Қорғаныс министрлігінде қызмет еткен байырғы мамандардың пайымдауыша: «Компьютердің алдынан шықпайтын бүгінгі ұрпақ ел басына күн туса қайда барарын білмей абырпап қалуы мүмкін. Сондықтан оларды әскерде шыңдап, өмір мектебінен өткізу керек», - деген пікірде.

Сондай-ақ мамандар «әскер қатарын тек кәсіби жауынгерлерден жасақтау қаржылық тұрғыдан да тиімсіз», дейді. Себебі келісімшарт негізінде жұмысқа қабылданған сарбаздардың әлеуметтік жағдайын жасап, баспанамен қамтамасыз етуге мемлекет шығындалады. Сондықтан Отан қорғауға кәсіби мамандар мен қарапайым азаматтар теңдей тартылуы тиіс деген пікірді қостайды. Осыған орай 2016-жылға азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу жайында Приозерск қаласы әкім аппаратының әскери есепке алу және броньдау бөлімшесінің басшысы Гүлнұр Байманасовамен сөйлесіп, төмендегі деректерді алған едік. Осы мәліметті қала жасөспірімдерінің назарына ұсынамыз:

1999-жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру

### Қала жастарының назарына!

учаскесіне тіркеу 2016-жылдың 1-қаңтарынан басталады. Тіркелу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының ер азаматтары әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге жатады. Азаматтар әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу кезінде әскери қызметке жарамдылық дәрежесін белгілеу үшін Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен медициналық комиссиядан өтеді. Медициналық комиссиядан өткен азаматтар тіркеу жөніндегі комиссияның шешімімен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуға қабылданады.

Әскери-дәрігерлік комиссия әскери есептен шығарып, әскери қызметке жарамсыз деп таныған азаматтар әскери есепке қабылданбайды. Әскерге шақыру жасына дейінгілерді әскери есепке алу олардың мекен-жайы бойынша жергілікті әскери басқару органдарымен жүзеге асырылады. Азаматтар, олардың жұмыс (оқу) орындарын, атқаратын лауазымы мен орташа жалақысы сақтай отырып, әскерге шақырылуға дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындау үшін қажетті уақытта жұмыстан (оқудан) босатылады.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ



Легализация имущества продолжается

Коррупции - нет!

## СРОК ЛЕГАЛИЗАЦИИ ПРОДЛЕН ДО 31 ДЕКАБРЯ 2016 ГОДА

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 30 июня 2014 года «Об амнистии граждан Республики Казахстан, оралманов и лиц, имеющих вид на жительство в Республике Казахстан, в связи с легализацией ими имущества» в г. Приозерск с 1 сентября 2014 года работает специально созданная при акимате города комиссия по легализации имущества, находящегося на территории города. На каниуне наш корреспондент встретился с секретарем специальной комиссии Оракбаевой Салтанат Шохановной и поинтересовался ходом легализации в нашем городе.

органы госдоходов с уплатой сбора в 10%. Стоимость имущества в этом случае будет определяться субъектом легализации самостоятельно. Также, предлагается расширить перечень имущества, подлежащего легализации по имуществу, расположенному за пределами территории РК, которое передано в доверительное управление (траст) с уплатой 10% сбора, и исключить двойное налогообложение при реализации легализованного имущества за рубежом.

**Корреспондент:** Какая работа ведется комиссией по легализации в нашем городе? Были ли удовлетворены заявления жителей по легализации имущества?

**Оракбаева С.Ш.:** Основной задачей комиссии является принятие решения о легализации либо об отказе в легализации имущества (кроме денег). С 1 сентября 2014 года по 1 декабря 2015 года на рассмотрение комиссии поступило 5 заявлений на легализацию имущества на сумму 29 500 000 тенге. 1 заявление на сумму 6 000 000 тенге возвращено заявителю в связи с неполным пакетом документов; в легализации имущества 2 субъектов на сумму 2 500 000 тенге отказано в связи с отсутствием оснований; 2 заявления на легализацию недвижимого имущества на сумму 21 000 000 тенге удовлетворено.

Также, за указанный период проведены встречи с населением города с разъяснениями об основных правилах и порядке легализации имущества. Подготовлены памятки, в пунктах приема документов на легализацию и местах наибольшего скопления людей, а именно в зданиях акимата, Отдела занятости и социальных программ, Управления государственных доходов, ЦОН, больницы установлены стенды с информацией, касающейся легализации имущества, с указанием адресов и времени приема документов, разъяснению Закона, у здания маслихата установлен билборд (2X4 м) на тему легализации. Акимом города утвержден Медиа-План по разъяснению концептуальных основ легализации по городу Приозерск, периодически с выходом в газете «Приозерский вестник», бегущей строкой на кабельном телевидении – СКТВ г.Приозерск. Дополнительная информация размещена на сайтах аппарата акима и отдела экономики и финансов.

Проведены семинары по разъяснению основных положений проводимой легализации в коллективах крупных предприятий и учреждений города, Ассоциаций предпринимателей. Розданы памятки, даны ответы на вопросы. По возникшим вопросам жители города обращаются за консультацией в пункты приема документов, на которые получают исчерпывающие ответы. Всего за прошедший период за консультацией обратилось свыше 1000 человек.

**Жителям нашего города напоминаем, что прием документов на легализацию имущества (кроме денег), находящегося на территории г.Приозерск, осуществляется ежедневно в здании аппарата акима по адресу: улица Пушкина, 7, 1 этаж, кабинет № 9, с 9.00 до 18.00, в субботу с 9.00 до 13.00 часов.**

**Корреспондент:** Спасибо за содержательную беседу.

Беседовал Б.Алшынбекулы



**Корреспондент:** Салтанат Шохановна, какие изменения были внесены в Закон, регламентирующий порядок легализации имущества?

**Оракбаева С.Ш.:** 13 ноября текущего года Главой Государства подписан закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам амнистии граждан РК, оралманов и лиц, имеющих вид на жительство в РК, в связи с легализацией ими имущества». Данный документ направлен на реализацию плана нации «100 конкретных шагов» по реализации пяти институциональных реформ. Внесены определенные изменения, а именно: продление срока легализации до 31 декабря 2016 года, совершенствование и стимулирование процедуры легализации. Документом предлагается конкретизировать и ужесточить нормы уголовного законодательства, вплоть до уголовной ответственности, в части дополнительной защиты от неправомерных действий сотрудников правоохранительных, других государственных органов, банков и иных организаций, а также исключить возможность использования в качестве доказательств по уголовному делу информации, полученной в ходе легализации.

По легализации денежных средств предлагаются 3 опции:

-зачисление на банковские счета без обязательств по их хранению, без уплаты сбора, с распоряжением по своему усмотрению без ограничений;

-без зачисления на счета банков второго уровня с уплатой сбора в размере 10%;

-возможность инвестирования легализованных денег в международный финансовый центр «Астана» без уплаты сбора.

В комиссиях при акиматах будет оставлена только легализация недвижимого имущества, находящегося на территории РК, права на которое не оформлены. В части же остального имущества, находящегося на территории РК (движимого, а также имущества, право на которое оформлено на субъекта легализации или на другое лицо), проводить путем предоставления декларации в органы государственных доходов без уплаты сбора.

При этом по имуществу, находящемуся за пределами РК, легализация будет проводиться также путем предоставления декларации в

## ПРОТИВ КОРРУПЦИИ - ВСЕМ МИРОМ



**Коррупция, как сложный социальный феномен, распространен во всем мире. 9 декабря международная общественность отмечает провозглашенный Генеральной Ассамблеей**

**ООН Всемирный день борьбы с коррупцией.**

Целью учреждения этого международного дня, как указано в резолюции Генеральной Ассамблеи, является углубление понимания проблемы коррупции и роли конвенции в предупреждении коррупции и борьбе с ней. Необходимость в проведении согласованной политики обусловлена последствиями коррупции, которая угрожает правам и свободам человека, демократическим основам государственного управления, ведет к искажению условий конкуренции и наносит серьезный урон морали. Казахстан ратифицировал Конвенцию в 2008 году.

Наша республика с момента образования последовательно создавала выверенную правовую систему противодействия коррупции. Принято значительное количество нормативно-правовых актов, так или иначе затрагивающих вопросы усиления борьбы с коррупцией. Лидер нации - Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев, проявляя твердую политическую волю, в каждом Послании народу Казахстана ставит акценты на необходимости защитить общество от коррупции, разъедающей его устои.

Казахстан первым на постсоветском пространстве в 1998 году принял Закон «О борьбе с коррупцией». Принятый закон позволил создать антикоррупционную государственную систему, но сегодня этого уже недостаточно.

18 ноября текущего года Глава государства подписал новый Закон «О противодействии коррупции», который определил новые направления и ресурсы в борьбе с этим социальным злом. Название закона не случайно, так как основными его целями являются профилактика и предупреждение коррупционных проявлений. Закон вступает в силу с 1 января 2016 года.

Переходя к результатам работы, хочу отметить, что профилактика коррупции стоит во главе нашей деятельности. Новые отделы анализа и выявления коррупционных рисков, антикоррупционного просвещения и взаимодействия с общественностью ответственны за выявление причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений.

В целях повышения правовой и антикорруп-

ционной культуры населения с начала текущего года Департаментом проведены 198 мероприятий с участием молодежи, сотрудников медицинских и образовательных учреждений, государственных служащих, предпринимателей, а также представителей СМИ. В печатных изданиях, на телевидении выпущено 1118 публикации и материалов на антикоррупционную тематику.

Затрагивая вопрос взаимодействия с гражданским обществом, необходимо сказать об открытом соглашении о сотрудничестве, которое недавно разработало наше Агентство. Цель этого соглашения - создание атмосферы нетерпимости к любым проявлениям коррупции и формирование антикоррупционной культуры в обществе.

Сейчас продолжается масштабная деятельность по вовлечению представителей гражданского сектора к участию в данном проекте. Совпадение интересов государства и институтов гражданского общества должны привести к преодолению коррупции в целом. К соглашению, напомним, может присоединиться каждый, этот документ размещен на сайте ведомства.

Следует отметить важность работы Дисциплинарного Совета области. С начала года к дисциплинарной ответственности привлечены 26 государственных служащих, в том числе 5 должностных лиц по рекомендациям Дисциплинарного совета освобождены от занимаемых должностей. При этом Дисциплинарный совет зарекомендовал себя не только как орган, рассматривающий дисциплинарные дела, но и как орган, непосредственно защищающий права государственных служащих.

Также проводится работа по оптимизации и формированию жесткой бюджетной политики. Департаментом ведется мониторинг госзакупок на предмет соблюдения норм ценовой политики. С января по ноябрь текущего года по установленным фактам завышения закупочных цен со стороны госорганов области заказчиком направлено 85 рекомендательных писем. В результате принятых мер, предотвращено причинение ущерба государственному бюджету на сумму 519 млн. тенге.

Накануне Международного дня борьбы с коррупцией, придавая этому событию исключительное значение, хотелось бы отметить то, что главной чертой нынешнего этапа противодействия коррупции должен стать его общеприимный характер, базирующийся на принципах партнерства субъектов антикоррупционной политики, приоритета мер предупреждения и нравственных начал в борьбе с ней.

**Ержан Ибраимов,**  
руководитель Департамента  
Агентства РК по делам государственной  
службы и противодействию коррупции по  
Карагандинской области

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ Г.ПРИОЗЕРСК!

**Карагандинский филиал АО «Фонд финансовой поддержки сельского хозяйства» информирует о программе финансирования «Ырыс».**

Цель программы: создание и расширение молочно-товарных ферм от 50 до 100 голов КРС.

Максимальная сумма займа: до 60 млн. тенге

Ставка вознаграждения: 4% годовых при субсидировании ставки вознаграждения, эффективная ставка вознаграждения не более 4,1 % годовых; 11,0 % годовых в случае, если ставка вознаграждения не субсидируется, эффективная ставка вознаграждения не более 11,7% годовых\*.

Срок займа/лизинга: до 84 месяцев; до 24 месяцев на пополнение оборотного капитала.

Льготный период по погашению основного долга: не более 24 месяцев; не более 12 месяцев по займам на пополнение оборотного капитала.

Льготный период по погашению вознаграждения: не более 12 месяцев; не более 6 месяцев по займам на пополнение оборотного капитала.

\*В случае, если заемщик/лизингополучатель не соответствует требованиям субсидирования, либо добровольно не участвует в субсидировании, при рассмотрении проекта учитываются дополнительные источники доходов, которые должны покрывать не менее 7 % годового вознаграждения.

**По всем вопросам обращаться по телефону: 8 (7212) 41 28 68, 41 12 10., или по адресу: г.Караганда проспект Бухар – Жырау 51/1 или г.Балхаш, мкр. Шашубая 3б, бизнес центр «Кулия», кабинет №102.**

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.  
**Адрес редакции:** 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.  
**Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)**  
**E-mail: prz\_westnik@mail.ru Вэб-сайт: www.prio-vestnik.kz**  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.  
Заказ № 49/434 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**  
**Технический редактор: Струментов А.В.**  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041